

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 25 қараша N 1246

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Ескерту. Заңның жобасы Қазақстан Республикасының Парламентінен қайтарып алынды - ҚР Үкіметінің 2003.12.20. N 1281 қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі
жоба

**"Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы"
Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы**

1-бап. "Бәсеке және монополистік қызметті шектеу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 19 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 2, 13-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. Мәтіндегі "тиісті" деген сөз "белгілі бір" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Заң Қазақстан Республикасының аумағында қолданылады әрі жеке және заңды тұлғалар (олардың филиалдары мен өкілдіктері), сондай-ақ орталық атқарушы органдары және жергілікті мемлекеттік басқару органдары (бұдан әрі - мемлекеттік органдар) қатысатын республиканың тауар рыноктарындағы бәсекеге ықпал ететін немесе ықпал етуі мүмкін қатынастарға қолданылады."

3. 3-баптың 1-тармағындағы мемлекеттік тілдегі мәтіндегі "Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің, осы Заңның нормаларынан" деген сөздер "осы Заңнан" деген сөздермен ауыстырылсын.

4 . 4 - б а п т а :

1) 2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок

субъектілерінің мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі - тізілім) - үстем (монополиялық) жағдайын Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес монополияға қарсы орган белгілеген рынок субъектілерінің атаулы тізбесі";

2) 6) тармақшадағы "қосымша" деген сөз "монополиялық" деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) тауар (жұмыстар, қызметтер көрсету) - азаматтық айналым объектісі болып табылатын мүліктік игілік және (немесе) мүліктік құқық";

4) 13) тармақшадағы "тауар" деген сөзден кейін "(жұмыстар, қызметтер көрсету, қаржылық қызметтерді қоса алғанда) деген сөздермен толықтырылсын;

5) мынадай мазмұндағы 14), 15), 16) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) монополиялық тауар (жұмыс, қызмет көрсету) - өндіру немесе сату бойынша рынок субъектісі белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайды иеленетін тауар (жұмыс, қызмет көрсету);

15) тұлғалар тобы - олардың арасындағы мәмілелердің (операциялардың) экономикалық нәтижелеріне әсер ете алатын айрықша өзара қатынастары бар жеке және (немесе) заңды тұлғалар болып танылатын өзара тәуелді немесе өзара байланысты тараптар. Мұндай айрықша өзара қатынастар Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген шарттарды қамтиды;

16) қаржылық қызметтер - сақтандыру рыногына, бағалы қағаздар рыногына, жинақтаушы зейнетақы қорларына қатысушылардың қызметі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын банктік қызмет."

5. 5-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі "заң актілерінде" деген сөздер "нормативтік құқықтық актілерде" деген сөздермен ауыстырылсын.

6. 6-баптың 7) тармақшасындағы "органдардың" деген сөзден кейін "бәсекені дамыту және" деген сөздермен толықтырылсын.

7 . 7 - б а п т а :

1) 1) тармақша "тауар рыногында" деген сөздердің алдынан "тауар рыногында бәсекені жай-күйін айқындау және" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 5) тармақша "субъектілерінің" деген сөзден кейін "және олардың бірлестіктерінің" деген сөздермен толықтырылсын.

8 . 8 - б а п т ы ң 2 - т а р м а ғ ы н д а :

1) 1) тармақша "қымбат" деген сөзден кейін "(арзан)" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 2) тармақша "міндетті лицензиялауды енгізу" деген сөздерден кейін "не лицензияның күшін тоқтата тұру" деген сөздермен толықтырылсын.

9. 9-баптың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) монополияға қарсы заңдардың бұзылуына жол берген рынок субъектілеріне, мемлекеттік органдарға және олардың лауазымды адамдарына орындау үшін міндетті

н ұ с қ а м а л а р

б е р у г е ; " .

1 0 . 1 0 - б а п т а :

1) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Рынок субъектілері, мемлекеттік органдар және олардың лауазымды адамдары, сондай-ақ рынок субъектілерінің бірлестіктері монополияға қарсы органның талабы бойынша оның міндеттері мен функцияларын іске асыруға қажетті шынайы құжаттар мен өзге де ақпаратты, оның ішінде жол берілген монополияға қарсы заң бұзушылыққа орай жазбаша түсініктемелер ұсынуға міндетті.";

2) 3-тармақ алынып тасталсын.

11. 12-баптың мемлекеттік тілдегі мәтініндегі 5) тармақшадағы "міндетті" деген сөздің алдынан мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) өз құзыретінің шегінде монополияға қарсы органдарға монополияға қарсы заңдардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру жөніндегі міндеттер мен функцияларды орындауға жәрдемдесуге".

1 2 . 1 4 - б а п т а :

1) 1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) тұтынушылардың сұранысы немесе тапсырыстары бар тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өндіру немесе сату мүмкін болған жағдайда, оларды өндіруді немесе сатуды негізсіз қысқартуға немесе тоқтатуға";

2) мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Рынок субъектілерінің бірлестіктеріне өз нәтижесінде бәсекені шектейтін не шектеуі мүмкін заңды және (немесе) жеке тұлғалардың қызметін үйлестіру мақсатында шешімдер қабылдауына және (немесе) іс-әрекеттерді жүзеге асыруына тыйым салынады.".

3) мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Бәсекені шектейтін рынок субъектілерінің келісімдерін (келісілген іс-әрекеттерін) анықтауды монополияға қарсы орган құзыретті мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен ережелерге сәйкес жүзеге асырады.".

13. 15-баптың бірінші абзацындағы "не" деген сөз "және (немесе)" деген сөздермен ауыстырылсын.

14. 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Рынок субъектісінің үстем (монополиялық) жағдайы

1. Рынок субъектісі (тұлғалар тобы), егер мынадай шарттар орындалса, белгілі бір тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие деп танылады:

1) егер оның белгілі бір тауар рыногындағы үлесі жыл сайын монополияға қарсы орган белгілейтін шекті шамадан асып кетсе. Бұл ретте белгілі бір тауар рыногындағы үлесі 35 проценттен аспайтын рынок субъектісінің жағдайы, егер осы тармақта өзгеше белгіленбесе, үстем (монополиялық) деп танылмайды;

не оның рыноктағы үлесі 35 және одан кем процентті құраса, бірақ ол бәсекелестерге тиесілі рынок үлестерінің салыстырмалы аз мөлшерінің және рынок субъектісінің белгілі бір тауар рыногындағы үлесінің соңғы екі жыл ішіндегі тұрақтылығы салдарынан елеулі бәсекеге ие болмаса,

не егер бірнеше рынок субъектілерінің әрқайсысы, егер тұтастай алғанда, олардың бәріне қатысты мынадай шарттар орындалатын болса;

рынок субъектісінің екеуінен аспайтын белгілі бір тауар рыногындағы жиынтық үлесі 50 және одан да көп процентті құраса;

белгілі бір тауар рыногындағы рынок субъектісінің үшеуінен аспайтын жиынтық үлесі 70 және одан да көп процентті құраса.

2) олар өндірген немесе сатқан тауарлардың (жұмыстардың, қызметтер көрсетудің) бағалары халықтың тіршілік деңгейіне елеулі әсер етсе,

не ол монополистік қызметті жүзеге асырса,

не рыноктың басқа субъектілерінің шикізат, материалдар сатып алуға және тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатуға қатысты қол жеткізу мүмкіндіктерінің шектеулілігі, рыноктың басқа субъектілерінің рыногына қол жеткізу үшін кедергілердің болуы, жеңілдіктердің болуы салдарынан елеулі бәсекеге ие б о л м а с а .

Белгілі бір тауар рыногының шекараларын айқындау ережесін және рынок субъектісін үстем (монополиялық) жағдайға ие деп тануды монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган, ал қаржылық қызметтер саласында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесе отырып белгілейді.

Егер халықаралық шартпен немесе келісім-шартпен рынок субъектісіне үстем (монополиялық) жағдай берілсе, осы шарт немесе келісім-шарт монополияға қарсы органмен келісілуге тиіс.

2. Монополияға қарсы орган белгілі бір тауар рыноктарында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектілерінің қызметін бақылау мен реттеу үшін монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган айқындайтын тәртіппен тізілімдер ж а с а й д ы және жү р г і з е д і .

3. Тізілімге енгізілген рынок субъектілері монополияға қарсы органға мынадай а қ п а р а т т ы ұ с ы н у ғ а м і н д е т т і :

1) қаржы-шаруашылық қызмет нәтижелері туралы есеп;

2) кәсіпорынның акцияларын (үлестерін, пайларын) сату және (немесе) басқаруға б е р у т у р а л ы м ә л і м е т т е р ;

3) монополиялық тауарлар (жұмыстар, қызметтер көрсету) жөніндегі ақпарат: өндіру немесе сату көлемдері, босату бағалары мен өндірудің немесе сатудың к і р і с т і л і г і .

4. Тізілімге енгізілген рынок субъектілері:

1) баға түзудің белгіленген тәртібін сақтауға және монополиялық тауарлар (

жұмыстар, қызметтер көрсету) бағаларының (тарифтерінің) алдағы уақытта өзгеретінін монополияға қарсы саясат саласындағы орталық атқарушы орган белгілеген тәртіппен монополияға қарсы органмен келісуге;

2) монополияға қарсы органмен келісілген жария шарттардың негізінде монополиялық тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) сатуға;

3) осы заңмен белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

5. Тауар рыногында үстем (монополиялық) жағдайға ие рынок субъектісінің нәтижесінде бәсекені шектейтін немесе шектеуі мүмкін, өзінің үстем (монополиялық) жағдайын теріс пайдаланатын іс-әрекеттеріне, оған қоса:

1) монополиялық қымбат (арзан) баға белгілеу;

2) контрагентке шарт мәніне жатпайтын талаптарды таңу, контрагентті рыноктың басқа субъектілерімен салыстырғанда тең емес жағдайға душар ететін кемсітуші талаптарды шартқа енгізу, оған осы талаптар енгізілген жағдайда ғана шарт жасасуға келісу;

3) тауар рыногында тапшылық жасау немесе оны ұстап тұру не бағаны қымбаттату (арзандату) мақсатында тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) айналыстан алып тастау;

4) рыноктың басқа субъектілерінің тауар рыногына кіруіне кедергі келтіру;

5) нормативтік құқықтық актілермен белгіленген баға белгілеу тәртібін бұзу;

6) тұтынушылардың сұранысына немесе тапсырыстарына ие болып отырған тауарларды (жұмыстарды, қызметтер көрсетуді) өндіруге немесе сатуға мүмкіндігі бола тұрып, өндіруді немесе сатуды негізсіз қысқарту немесе тоқтата тұру сияқты іс-әрекеттеріне тыйым салынады және олар жарамсыз деп танылады."

15. 17-баптың 1-тармағының бірінші және екінші абзацтары "Рынок субъектілері" деген сөздерден кейін "немесе олардың бірлестіктері" деген сөздермен толықтырылсын .

16 . 18 - б а п т а :

1) 1-тармақтың 2) тармақшасындағы "иелігінен шығарып отырған" деген сөздерден кейін "немесе беріп отырған" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 2-тармақ және 5-тармақтың бірінші бөлігі "100 000 есе" деген сөздерден кейін ", ал қаржылық қызметтер көрсететін рынок субъектісі (тұлғалар тобы) үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген мөлшерден" деген сөздермен толықтырылсын .

17. 19-баптың 1-тармағындағы "күнтізбелік" деген сөз алынып тасталсын.

18. 24-баптың 3-тармағы алынып тасталсын.

2-бап. Осы Заң жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК